«Бекітемін»
М.Габдуллин атындағы
№3 көпсалалы гимназия
директоры Ахмеджанова А.М.
«13» 08 2023 жыл

«Келісілді»
Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
Тержанова О.Ж.
«13» 08 2023 жыл

«Музыка әлемі» үйірмесінің

күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Үйірме жетекшісі: Қабдуали С.М.
Сынып: 6 «Ә»,7 «Ә»,7 «В»
Әр сыныпта аптасына 1 рет, жылына 34 сағат.

2023-2024 оқу жылы

«Музыка әлемі» үйірмесі

Түсінік хат

Ұстаздың әр сыныптағы оқушылардың бастарын қосып, ансабль ұжымын ұйымдастыру жұмысы музыкалық тәрбиенің басты салаларының бірі. Адам жеке басының жан-жақты дамуына, психологиялық мінез-құлықтын дұрыс қалыптасуына хор құрамында ән айту өнері үлкен әсер етеді. Бұл өнердің түрі баланың есте сақтау, тыңдау қабілеттерін арттырып, өзін-өзі ұстай білуге, жеке бастың мүддесін ұжымға бағындыруға, қиялы мен еркін бақылау жасауға үйретіп, баулиды.

Пәннің мақсаты:

- ансамбльмен ән айту мәдениетінің негізін оқушыларда ұйымдастыру;
- теориялық білімдер жүйесі, практикалық ептілік және ансамбль дағдысымен жұмыс істеу.

Пәннің міндеттері:

- оқушылардың ансамбльмен ән айту қызушылығын баулу, оның қажетілігін көрсету;
- ән салатын дыбыстың пайда болу дағдыларының дағдысын және шеберлігін ұйымдастыру;
- әлем халқының вокалды шығармашылық үлгілермен танысу;

Ансамбль ұжымын ұйымдастыру жұмысы оған оқушыларды қабылдауға арналған талаптардан басталады. Бұл талап та, ең алдымен, оқушылардың музыкалық ән айту қабілеттерін тыңдап, байқау жұмысынан тұрады. Балалардың дауыс мөлшерін анықтауға барынша көңіл бөлінгені дұрыс.

Осы жұмыстарды нақтылы жүргізу үшін ансамль жетекшісінің бақылау күнделігі болу керек. Онда әр оқушының жағдайы, дауыс, есте сақтау, есту, ырғақ соғу сияқты қабілеттері көрсетілуі керек.

Вокалды ансамбльмен дайындық жұмысы кезең-кезеңмен жүргізіліп, ол әрбір жаңа әнді жан-жақты таныстырумен басталғаны орынды. Ансамбльға шығарманы үйрету жұмыстары әннің сөздерін жаттатудан басталады.

Мектептегі балалар вокалды ансамблімен жұмыс істеудің төмендегідей ерекшеліктері бар:

1) Ансамбльдың түрі жекс оның мақсатына байланысты репетиция өткізу.

2) Сөзбен түсінік беріп, жекелеген тұстарды көрсетіп отыру (мұндағы түсініктер әрі қысқа, өрі нұсқа болғаны жөн).

3) Кателіктерді нақтылы көрсетіп, талдау.

4) Оқушылардың түрлі мінез-құлықтарын есепке алып,жұмыс жасау.

5) Ұстаздың оқушыларға талап қоя білуі мен сезімталдығы.

Вокалды ансамбль ұжымымен жұмыс жасау оқу-тәрбиелік, мәдени-қоғамдық жоспарлармен ұштасып жатқаны жөн. Ансамбльмен ән айту – балалар бойындағы көркемдік, сезімталдық, интеллектуалдық қасиеттерін, талғамын дамытады және оның музыкалық ой-өрісін құнарландырады, мәдени деңгейінің көтерілуіне көмектеседі.

Ансамбльмен ән айту дағдылары және негізгі талаптар

Ән айту дағдылары және тыныс алу

- Кіші топтағы барлық дағдыларды бекіту.
- Тыныс алғаннан кейін аздап кідіріс жасай отырып ән айту. Дыбыстар арасында кідіріс жасай білу (стаккато).
- Бірнеше тактіге созылатын ұзақ дыбыстарда анық, сенімді орындау үшін үзбей тыныс алудың кемеліне жету.

Дыбыстану және мақам (дикция)

- Кіші топтағы барлық дағдыларды бекіту.
- Ерін, тіл жұмысының аркасында артикуляциялық аппараттың екіндігі мен козғалшықтығын дамыту.
- Жылдам және баяу карқында макам дағдыларын дамыту. *Р* және *РР* екпінінде дикциялық белсенділікті сактау.

Дирежердің қол сермеулерін түсіну дағдыларын тәрбиелеу.

- Ән айту барысында шығарманың көркемдік орындалу жоспарына сәйкес дирежердің барлық нұскауларын қатаң түрде қателеспей орындауы керек.

«Музыка әлемі» үйірмесі бойынша 2023 – 2024 оқу жылындағы жасалған жылдық жұмыс жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Жұмыс жүргізудегі дағдылар	Пайдаланған материалдар, DVD, CD таспалары, музыкалық аппаратура
1-4	Ән айту ережелерін таныстыру	4		Мақам дағдыларын дамыту	Оқу бағдарла-масының әндер репертуары
5-8	Дыбыстарды дұрыс дыбыстау	4		Вокалдық жаттығуларды меңгерту	CD таспалары
9-12	«Ұстазым» А. Дүйсен	4		Дауыстардың үйлесімі	Нота хрестоматиясы
13-16	«Биле, жастық»	4		Дыбыс диапазонын анықтау әдіс-тәсілі	Балаларға арналған әндер жинағы
17-20	«Туған жер»	4		Ансамбльмен әндету тәсілдерін қалыптастыру	Балаларға арналған әндер жинағы
21-23	«Ассалаумағалейкүм»	3		Ансамбльмен әндету және тыңдауға баулу	Фонохрес-томатия

				тәсілдері	
24-27	«Құстар кайтып бара жатыр»	4		Дауыс ерешеліктерін анықтау	Ансамбльмен айтуды үйренейік
28-31	«Алтын өмір»	4		Дауыстардың үйлесімі	Нота хрес-томатиясы
32-34	«Жаса, қазағым!»	3		Дыбыстарды таза орындау	CD таспалары
	Барлығы:	34 сағат			